Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка****)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті	Суретпен жұмыс. Өзі және отбасы Мақсаты: Үлкенді үлгі, кішіні	С/Ю:«Шаштараз» ойыны. Балаларды әсемдікке баулу.	Д/О:Қайсысы қайда тіршілік етеді? Мақсаты: Жануарларды ұқсас	«Сикырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау	Д/О:«Бір сөзбен айт» Мақсаты: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Д/О:Үйдегі жиһаздар» Мақсаты:Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк , төрт аяғы бар) үйрету.Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) «Жаңылтпаштар» Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі***)	қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Д/О:«Қай жерде не бар?» Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. (Математика негіздері)	(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) С/Ю: «Дүкен» Мақсаты:Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	Амандық Әлихан Болат Сұлтан Тілұстарту жаттығулары арқылы Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.	Сайфуллина Нилюфар Жұмағамбет Айсұлтан Д/Ойын:«Қай ертегінің кейіпкері» Мақсаты: Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету.	Саматов Рустам Сансызбай Айдана Д/ойын: «Қандай пішін тап? Мақсаты:геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету;	Мүсілім Али Нуралина Айару Д/О:«Тәуліктерді ажырат?» Мақсат: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.	Мейірханова Құралай Қаби Асылым Жапсыру жұмысынан: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету
Серуенге дайындық .	(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Киіну: киіну ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				

Серуен					
	Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, туралы түсіндіру. Еңбек: Үлкендер еңбегін бақылау Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.	Бақылау: Кемпіркосақты бақылау . Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып, жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпіркосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру.	Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Қимылды ойын: «ақ серек көк серек»
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Әдеп, ережесі. Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті					
	Сахналау театры «бауырсақ» ертегі желісі бойынша. Мақсаты:бауырсақ ертегісін сахналату арқылы тілдерін дамыту	Сюжетті-рольдік ойын «Қуыршақты қонаққа шақырамыз»; Мақсаты:ыдыстардың көмегімен дастархан жасау арқылы тілдерін дамыту.(Сөйлеуді	Ойын-жаттығу. «Жыл мезгіліне саяхат» Мақсаты:сюжетті картиналар қарау арқылы балаларды сөйлету, сөздік	Дидактикалық ойын «Менің киімдерім» Мақсаты: Киімдерді атау, кайда киеді балаларды сөйлету. (Көркем әдебиет,сөйлеуді	Сюжетті ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру, үстел үсті театры және т.б Мақсаты: Балаларға «Жалқау

	Сюжетті ойын: «дәріхана» Мақсаты: дәріхана бұрышында ойнау арқылы бір-бірімен әңгімелесу,сөйлесу, ойнау.(Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)	дамыту) Ірі құрылыс конструкторлармен ойындар Мақсаты:ірі конструкторларды құрастыру арқылы пішіндерді айтуды үйрету(Математика негіздері,құрастыру)	қорын дамыту. (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)	дамыту)	мысық» ертегісін оқып беру. Ертегіні тыңдау арқылы кейіпкерлерді атауды үйретіп тілдерін дамыту. . (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы	«Біз тұратын қала»балалармен әңгімелесу.	Балабақша туралы тақпақ жаттау.	«Өрт»қауіпсіздігі туралы балалармн әңгіме жүргізу.	Ата-аналармен дұрыс тамақтандырудың пайдасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен «Отбасы –шағын мемлекет» спорттық жарыс.

Бекітемін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Гаухар» балабақшасы

Топ: «Ақ көгершін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 26-30 қыркүйек айы, 2022ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.09.2022	Сейсенбі 27.09.2022	Сәрсенбі 28.09.2022	Бейсенбі 29.09.2022	Жұма 30.09.2022
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақшада туралы әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл- күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы: «Көп саусақ» Мақсаты: саусақ қимылдарын дамыта отырып, санамақты айта білуді қалыптастыру. (Қазақ тілі***)	«Менің қалам» (Альбом ташалау) Мақсаты: Өз отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	«Менің қиялымдағы үйім» Ірі конструкторларды ұсыну. Мақсаты: Балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту, ұжыммен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. (Құрастыру)	Д/О: «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен атай білуге баулу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Д/О: «Табиғат құбылыстарын ата?» Мақсаты: Байқампаздыққа а, шапшаңдыққа баулу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Таңертенге жаттығу	1. Аяқты алшақ қойып, қол белде, басты алға, артқа, оңға, солға иеміз осымен 4 рет қайталау 2. Аяқты алшақ қойып, саусақтарымызды иыққа қойып, иығымызды айналдырамыз алға 2 рет, артқа 2 рет. 3. «Ағаш жару» жаттығуы. Аяқ сәл алшақ, екі алақанды бір-біріне қысып ұстап тұру. 1-3 – алға қарай еңкею – демді ішке тарту; 4 – 4. «Доп секіреді» қол белде. 1-2-3 – сол аяқпен секіру, 4-5-6 – оң аяқпен секіру, 7-8-9 – қос аяқтап секіру (6 рет).				

	демді шығару. (5-6 рет) 5.Қолды шынтақтап бүгін кеуде тұсында ұстау. 1- қолды жан-жаққа созу, демді ішке тарту, дем шығару. (шынтақты төмен түсірмеу). (6 рет)				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету . (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Тіл ұстарту жаттығуы Үз-үз-үз Жаңбырлы күз. Рақ-рақ-рақ Сарғайды жапырақ. Ел-ел-ел, Соғады жел. Іс-іс-іс піседі жеміс. Дай-дай-дай Жинаймыз бидай. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)	Жұмбақтар сыр шертеді Мақсаты: Жұмбақтар арқылы ой - өрісін, ойлау қабілетін дамытып, дүниетанымын кеңейту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)	«Кім білгіш?». Ойынның шарты: допты балаларға лақтыру арқылы сұрақ-жауап алу. -Бүгін қандай күн? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Кеше қандай мерекені тойлады? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)	Қ/О:«Ұшты-ұшты» Мақсаты: Тез жедел ойлай біліп, нақты әрекет жасауға, іштей жинақы болуға қалыптастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру**)	«Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Ойын арқылы жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)
Ұйымдастырылған , іс-әрекет кестесі	Музыка 9.45-10.05	Дене шынықтыру 10.25-10.45 (залда)	Қазақ тілі 9.10-9.30 Дене шынықтыру 9.40-10.00 (залда)	Дене шынықтыру 10.20-10.40 (таза ауада)	Музыка 9.30-9.50
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Музыка-ҰІӨ (Маманның жоспарымен) Д/О.«Бақшадағы өнімдер» Мақсаты: Балабақша ауласындағы бақшадан көкіністер мен	Дене шынықтыру-ҰІӨ (Маманның жоспарымен) Д/О:«Кім солай сөйлейді?» Мақсаты: Жануарлардың дауысынан айыра	Қазақ тілі Тақпақ «Бақшамызға барамыз» М.Тұрманжанов Мақсаты: өлеңді мұқият тыңдауға үйрету. Тыңдаған өлеңді қайталауға дағдыландыру. Нақты қайталай отырып	Дене шынықтыру-ҰІӨ (Маманның жоспары) Д/О:«Экологиялық бағдарламашам» Мақсаты: Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Табиғатқа	Музыка-ҰІӨ (Маманның жоспарымен) Сюжеттік ойын:«Дәрігер» Мақсаты: Балабақшадағы дәрігердің мамандығы туралы түсіндіру

	жемістерді теріп алуға , топқа бөле білуге, еңбекке баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.(Сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру**) Д\О:«Дыбыс арқылы санды тап» Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау(Математика, сөйлеуді дамыту)	білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту . (Көркем әдебиет,Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***Музыка****) Д\О:«Өсімдіктер пайдасы» Мақсаты: Өсімдіктер туралы түсініктерін дамыту. Балалардың сөздік қорларын байытып, тапқырлыққа, ойлампаздыққа баулу (Қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі***)	тілдерін дамыту. (Көркем әдебиет,Сөйлеуді дамыту) Дене шынықтыру-ҮІӨ (Маманның жоспарымен) Ермексазбен жұмыс «Көкөністер себеті» Мақсаты: Бірлесе құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату көкөкністер себетін өз талғамымен мүсіндейді. (Мүсіндеу) Қағазбен жұмыс «Көңілді балабақшам» Мақсаты: Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.	деген сүйіспеншілігін мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы білімдерін арттыру. (Қоршаған орта таныстыру, сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***) Д\О:«Бізге қонақтар келді» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін түр келбеттері арқылы мінездерін ажырата білуге үйрету. (Көркем әдебиет, тіл дамыту,музыка****)	Рольге бөлініп ойнауға үйрету және еңбекке баулу. (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі***) Қылқаламмен жұмыс. «Ақша бұлттар» Мақсаты: Түстерді сезіне білуін дамыту. Бейнені түсіне қарай таңдау іскерлігін дамыту қылқаламды қолына дұрыс ұстауды, салуға үйрету бұлттың суретін дәстүрден тыс тәсілмен салуды үйрету. (Сурет салу)
--	--	--	--	---	--

			Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. (Жапсыру)		
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Күн жылу мен жарық көзі Мақсаты: Күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Бақылау барысы Психологиялық жаттығу: «Күншуақ» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол	Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу Бақылау барысы: Көркемсөз «Тиме бізге керекпіз»-Деп тұрғандай жарыса. Жапырақты жұлып себепсіз, Сындырмаймыз ағашты. Күз келген соң амалсыз, Жапырақтар түседі. Жинап алып сыпырып, Үй сыртына үйеміз, Жапырақтар бақшаға,	Ағаштарды бақылау Мақсаты: күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру; қайың мен терек ағашын діндері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету; ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры); туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Көркем сөз: Үйеңкі, қайың, қарағаш, Самырсын, емен, қарағай. Өседі бәрі аралас, Бақшада өскен баладай. Қаулап өскен ағаштар Жеміс-жидек сайда да.	Тастарды бақылау Мақсаты: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар. Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? Өлі табиғатқа нелер жатады? Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) Зерттеу жұмысы Бор таспен қатты тасты салыстырып	Ұшып кететін құстарды бақылау Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде Еңбек: Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау Мақсаты: құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу Қ/О: «Аққу-қаздар». Мақсаты: тапсырманы

	созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз. Еңбек: Алаңды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу. Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда» Мақсаты: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру (Қоршаған орта,сөйлеуді дамыту,денешын	Көң болады білеміз. Зерттеу жұмысы: Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары: Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту (Қоршаған орта,сөйлеуді дамыту,денешынықтыру**)	Хош иіске елітіп Тынып қалған айнала Қамқоршы болшы орманға Орманды бәрің қорғандар! Д/О.«Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!». Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау) Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу Жаттығу ойындары: Қозғалысты дамыту <i>Мақсаты:</i> Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру (Қоршаған орта,сөйлеуді дамыту,денешынықтыру**)	көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) Еңбек Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; Шығармашылық қиялын дамыту. Қ/О«Ұшты-ұшты». Мақсаты: Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; Жаттығу ойындары Қозғалысты дамыту. Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Күзгі табиғат» (Қоршаған орта,сөйлеуді дамыту, денешынықтыру**)	нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту Жаттығу ойындары Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру Мақсаты:қозғалыс белсенділіктерін дамыту (Қоршаған орта,сөйлеуді дамыту,денешынықтыру**)
--	--	--	--	--	--

	ықтыру**)				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: Жуыну кезінде: алақандарын бір-біріне үйкелеу, өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынын табуды үйрету. Үстел басындағы өзінің орнын, үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру. Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айтуын дамыту; (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білуін пысықтау. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. арналған шкафты білуін үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Кереуетте созылу, керілу жаттығулары.				
Бесін ас	Үстел басындағы өзінің орнына, қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұруын жетілдіру. Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айтуын меңгерту; (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	«Менің балабақшам» тақырып бойынша сюжетті картиналар. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту. Балаларға суреттерге қарап әңгімелейді. (Сөйлеуді	Конструкторлармен жұмыс «Балабақшамызды құрастырамыз» Мақсаты: құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету. Конструктордан ойынға арналған	Д/О:«Тез-ақырын» Мақсаты: Балаларға тақпақтарды,жаңылтпаштарды тез жән ақырын айтуға үйрету Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***) Ләпбук тамашалау.	Тілге жаттығулар жасау «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту,	Тыныс алу жаттығулары «Құс мамығын үрле» Мақсаты: балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***) Күз мезгілі туралы тіл ұстарту жаттығуларын

	дамыту,қазақ тілі***) Д/О:Ұзын және қысқа Мақсаты: Өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.ептілік ке дағдыландыру. (Математика негіздері)	ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру. (Құрастыру) Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. «Күз» (сурет қарастыру) Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге байланыстырып сөйлеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет).	«Көше қауіпсіздігі» Балаларға бағдаршам туралы мәлімет беру.Бағдаршамның түстерімен таныстырып,жол жүру кезінде жол ережелерін сақтап жүруге үйрету. (Қоршаған ортамен танысу)	көркем әдебиет, қазақ тілі***) «Әжемнің ертегілері». Мақсаты: балаларды ертегі айта білуге жаттықтыру, сөздік қорларын байыту,есте сақтау қабілеттерін арттыру. (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,)	айту. Үз-үз-үз Жаңбырлы Күз Рақ-рақ-рақ Сарғайды жапырақ Ел, ел, ел Соғады жел Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту,дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***)
Балалармен жеке жұмыс	Есенғос Али Сармурзина Айзере Тақпақтар жаттату. Мақсаты: Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға	Нуралина Айару Талмағамбетова Акеркем 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.	Әсен Айя Жомарт Нұрдана Балаларға құрастырудан балабақша ғимаратын берілген үлгі бойынша дұрыс құрастыруды үйрету.	Амангелді Хансұлтан Сайфуллина Нилуфар Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	Нуралина Айару Талмағамбетова Акеркем Мейірханова Құралай Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.

	үйрету.				
Серуенге дайындық .	(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тындай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Бәйге». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.	Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қ/О: «Қуып жет». <i>Мақсаты:</i> Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.	Еңбек: Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. Қимылды ойын: «Допты ұста» Мақсаты: қағып алуға және келесіге беруге үйрету.	Еңбек: Гүлдерге су құю. Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу Қ/О: «Үнсіз өт» Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру	Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары: Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Балалар кешкі астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,	Саусақ театрымен сахналау. «Шалқан» Мақсаты:	Д/О: «Қателесіп қалма?» Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту,	Еңбек туралы мақал-мәтелдер айту. (Қазақ тілі***)	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр» Мақсаты: балалардың өз дене	Үстел үсті ойыны: «Үйшік құрастыр» Мақсаты:Пазлдард ан әртүрлі заттар

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	балалардың саусақ моторикасын дамыту.Сөздік қорларын байыту.. (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу)	балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Сюжетті-рөлдік ойын«Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: балалардың бір-бірімен ұжымдасып сюжеттік рөл жасау қабілетін қалыптастыру. (Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.)	Д/О: «Кімнің заттары?» Мақсаты: балалардың танымдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ән айту. «Біз бақытты баламыз. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, музыка****)	мүшелерін ажыратып, дұрыс атай білулерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қ/О: «Орамал тастау» Мақсаты: Байқампаздық, жылдамдық қабілеттерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру**)	құрастыру. Ой-қиялдарын дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Балалармен күз мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: Сөздік қорларын байыту,Байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалармен үйде де де тапсырмалар беріп, бірге жұмыс жасауға кеңес беру.	Жаннаның ата-анасына кеңес. Жаннаны қосымша сурет салу үйірмесіне қатыстыру.	Кеңес: «Бала біздің бақытымыз!»	Табиғат бұрышында еңбек.

Бекітемін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Гаухар» балабақшасы

Топ: «Ақ көгершін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.10.2022ж	Сейсенбі 04.10.2022ж	Сәрсенбі 05.10.2022ж	Бейсенбі 06.10.2022ж	Жұма 07.10.2022ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: Көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы балалармен әңгімелесу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы, мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды санитарлық жағдайға сай қабылдау. «Тазалық-денсаулық кепілі» Балалармен әңгімелесу. Балаларға тазалықтың пайдасы туралы айтып түсіндіру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қима қағаздармен жұмыс: Тақырыбы: «Күзгі саңырауқұлақтар» Мақсаты: қиылған саңырауқұлақтардың жалғасын табады. (Құрастыру) «Күзгі бақ» (сурет қарастыру) Мақсаты: Балалар күз мезгілі бейнеленген суреттерді	Д/О: «Ойыншықтарды сипатта» Мақсаты: Балалар ойыншықтарды атайды және сипаттайды. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Саусақ ойыны «Менің досым» Мақсаты: өлеңді жатқа айту арқылы, тілдерін жаттықтырады. (Көркем әдебиет,	Д/О: «Түстеріне қарай топтастыр» Мақсаты: балалар суреттерді мұқият қарап, түстеріне қарай топтастырады. (Қоршаған ортамен танысу) Д/О: «Биік – аласа» Мақсаты: Суреттегі заттарды пайдаланып биік, аласа бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды	«Біз ойнайтын алаң» Мақсаты: Балалар ұжымдасып конструкторлардан ойын алаңдарын құрастырады. (Құрастыру Командамен жұмыс) Д/О: «Ағаштар ата» Мақсаты: Суреттегі ағаштардың бұтағына, діңіне қарап ажырата біледі; Адамға тигізер пайдасы туралы әңгімелейді

	Қарындаштармен жұмыс. Мақсаты: Балалар түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланып, дайын үлгідегі \суреттерді бояйды. (Сурет салу)	пайдаланып, күзгі бақ туралы әңгімелейді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	сөйлеуді дамыту)	салыстыра алады. (Математика негіздері)	(Қоршаған ортамен танысу)
Таңертенгі жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . 1. Б.қ – екіге бүктелген секіртпенің екі ұшынан ұстап, қолды төмен түсіріп тұрады. 1 – секіртпені керіп, қолды алға созу. 2 – жоғары көтеру. 3 – қолды алға созу. 4 – б. қ-қа келу. (3-4 рет орындау). 2. Б.қ – аяқ иық деңгейінде, секіртпені желке тұсында ұстап тұру. 1 – 3 оңға бұрылу. 4 – б.қ.-қа келу. Осылайша сол жақпен орындау. Әр жаққа 3-4 реттен 3. Б.қ – аяқты сәл алшақ қойып тұрып, секіртпенің екі шетінен ұстап, қолды арқа жақта ұстау. 1-2 – алға қарай еңкею, артқа шалқаю, қолды артқа созу, жоғары көтеру; басты тура ұстау. 3-4 – б.қ. келу (4 рет) 4. Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпенің екі ұшынан керіп ұстап, қолды төмен түсіріп тұру. 1 – тізені екі жаққа аша сәл отыру, қолды жоғары көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4 рет) 5. Б.қ. – аяқты алға созып отыру, секіртпені желке тұсында ұстау; 1 – алға еңкею, секіртпені аяқтың ұшына тигізу; 2 – б.қ.-қа келу. Еңкейген сәттен демді ішке тартып, аяқты созғанда демді шығару. (4 реттен орындау).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану Дос бол сабын суменен , жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көкөністерге байланысты жұмбақтар жасыру.	Д/О: "Бұл қай кезде болады?"	Саусақ ойыны «Қуыр қуыр қуырмаш» Мақсаты: өлеңді жатқа	Д/о: «Жүреді, ұшады, жүзеді». Көліктер және олардың	Шаттық шеңбері: Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін!

	Мақсаты: Жұмбақтар арқылы ой - өрісін, ойлау қабілетін дамытып, дүниетанымын кеңейту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Мақсаты: Балалар өлең жолдарын тыңдайды, қай мезгілде болатынын айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Музыка****)	айтады, әнге сай қимылдар жасайды. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Музыка****)	қолданысқа сай болуы туралы балалардың түсінігін кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу)	Қуан шаттан алақай, Күліп шықты күн бүгін! (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Ұйымдастырылған, іс-әрекет кестесі	Музыка 9.45-10.05	Дене шынықтыру 10.25-10.45 (залда)	Қазақ тілі 9.10-9.30 Дене шынықтыру 9.40-10.00 (залда)	Дене шынықтыру 10.20-10.40 (таза ауада)	Музыка 9.30-9.50
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Музыка-ҰІӨ (музыка жетекшісінің жоспары бойынша) Бояулармен жұмыс. «Сырмақты әшекейлейік» Мақсаты: Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру дағдысын жетілдіру. Элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтауға үйрету. (Сурет салу) Д/О:«Түн»	Денешынықтыру-ҰІӨ (денешынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) Д/О: «Күзгі жемістер» Мақсаты: ойынды ойнай отырып, бау-бақшадағы күзгі жемістерді жинайды; олардың шамасын, түсін, пішінін ажыратып және атайды, қарастыру мен зерттеу жұмыстарын жасайды. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Қайшымен жұмыс.	Қазақ тілі Мақсаты: Тіл ұстарту жаттығуларын айту арқылы, қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айта алады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет). Денешынықтыру-ҰІӨ (денешынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) Д/О:«Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Жыл құстарын сурет бойынша танып атайды, олардың тіршілігі туралы түсіәнік алады.	Денешынықтыру-ҰІӨ (денешынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) «Бұлт күнді жапты» (сюжеттік сурет салу) Мақсаты:Күз мезгіліндегі қарапайым табиғат құбылыстарын бақылайды, дөңгелек пішінді заттардың суретін салады бұлт, күн); бояуларды ретімен қолданып бояй біледі. (Қоршаған ортамен танысу,сурет салу) Суретпен жұмыс. «Күзгі еңбек» Мақсаты: Мнемо кесте арқылы күзгі еңбек туралы	Музыка-ҰІӨ (музыка жетекшісінің жоспары бойынша) Л/О: «Жоғары, төмен, биіктігі бойынша бірдей» Мақсаты: Балаларға биіктігі бойынша екі түрлі заттарды салыстырып үйрету. «Биіктігі бірдей», «жоғары», «төмен» сөздерін қолдану білімдерін дамыту. (Матемаика негіздері) Қ/О:«Бағдаршам бізге көмекші» Мақсаты: Ойын ойнай отырып, бағдаршамның адам өміріне маңызы туралы түсінеді.

	Мақсаты:- Сурет арқылы тәулік бөлігі-түнмен танысады; өлең мәтінінде тәуліктің қай мезгілі айтылғанын ажырата біледі. (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Суретпен жұмыс. «Күзгі табиғат» Мақсаты: Ауа-райының жағдайын бақылап, күнтізбеде анықтайды; күзгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылап әңгімелеп айтады. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Күздегі күн шуағы» Мақсаты: Балаларды шаршыны дөңгелектеп қия білуге үйрету. Қайшыны қолдана білу іскерліктерін дамыту. (Жапсыру)	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілі туралы өлеңді жатқа айта білуге үйрету, күз туралы суреттерді, күзгі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлей білуге дағдыландыру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	әңгімелеп береді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ермексазбен жұмыс. «Сары, қызыл жапырақтар» Мақсаты: Жапырақтарды жалпақтау тәсілі арқылы мүсіндейді. Жапырақтар туралы өлең жолдарын жатқа мәнерлеп айта алады. (Мүсіндеу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Т.Әбдірахманов «Қағаз кеме» өлеңі. Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру, жүргізушілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Өлеңді жаттату арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) Өзінің сырт келбетіне назар аударуға, жарасымды, таза киініп шашын әдемі тарауға дағдыландыру.				

Серуен	Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау арқылы түсінеді. (Қоршаған ортамен танысу). Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинайды. <i>Мақсаты:бірлесе жұмыс істей алады.</i> Қимылды ойын «Бәйге». Мақсаты: Ойын арқылы тез жүгіреді, ептілікке жаттығады. (Дене шынықтыру**)	Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: Балалар бақылау арқылы күздің алғашқы белгілері туралы біледі. Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап». (Қоршаған ортамен танысу). Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинайды. Қимылды ойын:«Қуып жет». <i>Мақсаты:</i> Балалар бір-бірін қуып ойнай отырып, ептілікке, шапшаңдыққа үйренеді. Жаттығу ойындары Мақсаты: сапта жеңіл, бір қалыпты жүре біледі. (Дене шынықтыру**)	Терек ағашын бақылау. Мақсаты: - Күзгі терек ағашын бақылау арқылы, басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын тауып, айта біледі. (Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет). Еңбек Тәрбиеші көмегімен гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинайды. Мақсаты: Үлкендерге көмектесе біледі.. Қимылды ойын: «Допты ұста» Мақсаты: Балалар допты қағып алып, және келесіге бере біледі.	Құстарды бақылау Мақсаты: Құстарды бақылау арқылы, құстарға деген танымдық қызығушылықтары артады. Құстардың бейнесін құмға салады. (Қоршаған ортамен танысу, сурет салу). Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинайды. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балалар қос аяқпен секіре алады. (Дене шынықтыру**)	Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: Балалар сарғайған жапырақтарды бақылайды.Бақылағандар ын сөйлеу тілінде қолдана біледі. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет). Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинайды. Мақсаты:бірлесе жұмыс істей алады. Қ/О: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата біледі. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру**)
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	Тіл ұстарту жаттығулары Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ.	Санамақ Бас бармағым - әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен.	Кім тез шешінеді? Мақсаты: Балалар сыртқы киімдерін шапшаң шешінеді, жинастырады..	Санамақ Айтар болсам саралап Көп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ	Тіл ұстарту жаттығулары Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. (Сөйлеуді дамыту,

	Ел – ел – ел, Соғады жел. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)	Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бемеуіміз. (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ. (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	көркем әдебиет, қазақ тілі***)
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сұрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	« Ұйқы қайдан келеді?» Ертегі.	« Ұйықтай ғой балапан» Ән тыңдау.	«Менің достарым» Ертегі.	«Әлди,әлди». Музыка тыңдау.	Аяқ, қолдар демалсын.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Керуеттегі жаттығулар Оянайық бәріміз. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар.	Керуеттегі жаттығулар Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.	Керуеттегі жаттығулар Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.	Керуеттегі жаттығулар - Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу. Беті-қолын, мойынын салқын бсұмен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	- Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.

Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту) Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа».				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	«Күзгі бақ» тақырып бойынша сюжетті картиналар. Мақсаты: Балалар суреттерге қарап әңгімелейді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) «Көкөністер туралы тақпақтар». Мақсаты: Көкөністер туралы тақпақты жаттауда үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтайды. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жолақшалармен жұмыс. «Ұзын және қысқа». Мақсаты: Жолақшаларды беттестіріп қою	Конструкторлармен жұмыс. «Балабақшамызды құрастырамыз» Мақсаты: Конструкторларды пайдаланып балабақшаларын құрастыра алады. Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра біледі. (Құрастыру) Командамен жұмыс Суретпен жұмыс Мақсаты: Балалар суреттерді тамашалау арқылы жақсы жаманды ажыратып айта алады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Д/О:«Не артық?» Мақсаты: Балалар суретке қарап,оларды топтастыра алады. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын атайды. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет). Саусақ театры «Үйшік» Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, көңіл күйін, іс-қимылын көрсете біледі. Балалар саусақ театры арқылы ертегіні сахналайды. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка****)	«Д/О: «Не қайда өседі?». Мақсаты: Шарты: Көкөністер мен жемістер муляждарын үлгіде бейнелеген суреттеріге байланысты ыдыстарына дұрыс орналастыра алады. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды. (Қоршаған ортамен танысу) Қарындаштармен жұмыс. «Мен бояғанды ұнатамын». Мақсаты: Қарындаштарды дұрыс ұстай біледі, және түстерді өз қалаулары бойынша таңдап, бояйды. (Сурет салу)	Д/О: «Мұнара» Мақсаты: Конструкторлардан мұнара жасайды. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алады. Бір-бірінің еңбегін бағалайды. (Құрастыру, математика негіздері) Д/О:«Ненің азығы?». Мақсаты: Балалар азық түрлерін атайды,жануарлардың жанына орналастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)

	арқылы ұзын-қысқа екенін салыстырып айта алады. (Математика негіздері)				
Балалармен жеке жұмыс	«Күзгі бақ» Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Айтбазар Сезім.	Д/О:«Неге ұқсайды?..» Геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды табу. Амангелді Хансұлтан.	Муляждарды пайдалану арқылы көкөністер мен жемістерді сипаттау. Саматов Рустам.	«Дөңгелек нелер болады?». Сурет салу. Абильтаева Айкүнім.	Жолда жүре білемін. Сурет бойынша әңгіме. Сармурзия Айзере.
Серуенге дайындық . (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)	Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау				
	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар? «Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу) «Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме) «Сондай бала болама?» (өлең оқып беру) «Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)				
Серуен	Ойын аландарын тазлау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Қ/О: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата біледі. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру**)	Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинайды. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей алады. Қ/О: «Бәйге». Мақсаты: Ойын арқылы тез жүгіреді, ептілікке жаттығады. (Дене шынықтыру**)	Еңбек Тәрбиеші көмегімен гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинайды. Мақсаты: Үлкендерге көмектесе біледі..	Еңбек: Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. Қ/О: «Допты ұста» Мақсаты: қағып алуға және келесіге беруге үйрету.	Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары: Жүкіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту.

					(Дене шынықтыру**)
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау.				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	Ұқыптылық дағдыларына үйрету. Тамақтану әдебі (әңгімелесу) Өтінішін білдіру, көмегі мен көңіл аударғанына «рақмет», «мархабат» сөздерімен білдіру. Тамақты аузын жауып отырып, асықпай, әбден шайнауға үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті	Балалардың әр –түрлі іс-әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылады (ойын,қимыл-қозғалыс,танымдық,шығармашылық-зертеушілік,эксперименттік ,еңбек ,дербес)				
	Қ/О: «Шеңберге түсір» Мақсаты: Балалар топқа бөлінеді. Нысанаға көздеп, шеңберге допты дәл түсіреді. (дене шынықтыру**) (командамен жұмыс)	«Менің сүйікті ойыншығым» балалармен әңгімелесу. Мақсаты: Сүйікті ойыншықтары туралы екі –үш сөйлем құрастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет).	Д/О: «Ненің дыбысы?» Мақсаты: Тыңдау арқылы үй жануарларының дыбысын ажырата білу дағдысын жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет).	Д/О: « Енелері мен төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары мен төлдерін атап айту дағдыларын бекіту. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет).	Конструкторлармен жұмыс. « Менің үйім» Құрылыс бөлшектерін ажыратып, және атап, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана білуге дағдыландыру. (Құрастыру) Командамен жұмыс
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасым- ортақ мекенім!» «Баланың балабақшаға бейімделуі» жаңадан келеген балалардың ата-аналармен жеке әңгімелесу. «Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу. Баланың тазалығына көңіл бөлу. Үйде күн тәртібін тиімді құрастыру.				

Бекітемін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Гаухар» балабақшасы

Топ: «Ақ көгершін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : қазан айы, 2022 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.10.2022	Сейсенбі 11.10.2022	Сәрсенбі 12.10.2022	Бейсенбі 13.10.2022	Жұма 14.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы, мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Ата-аналарға тақпақтарды қайталатып айтқызуды тапсыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қима қағаздармен жұмыс: Тақырыбы: «Күзгі саңырауқұлақтар» Мақсаты: қиылған саңырауқұлақтардың жалғасын табады. (Құрастыру Сыни ойлау) «Ұшақтар құрастырамыз» Мақсаты: Балалар конструкторлардан ұшақ құрастырады. (Құрастыру)	Д/О: «Ойыншықтарды ата» Мақсаты: Балалар ойыншықтарды атайды. (Сыни ойлау) Саусақ ойыны «Менің досым» Мақсаты: өлеңді жатқа айту арқылы, тілдерін жаттықтырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)	Д/О: «Түстеріне қарай топтастыр» Мақсаты: балалар суреттерді мұқият қарап, түстеріне қарай топтастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Еркін ойын: «Мен бояй білемін» Мақсаты: Балалар түрлі-	Д/О: «Біз ойнайтын алаң» Мақсаты: Балалар ұжымдасып конструкторлардан ойын алаңдарын құрастырады. (Құрастыру Командамен жұмыс) Д/О: Қай ойыншық жоқ?» Мақсаты: Балалар үстел үстіндегі ойыншықтар арасынан жасырылған ойыншықты таба	«Күзгі ағаштар» (сурет қарастыру) Мақсаты: Балалар күз мезгіліндегі бақ бейнеленген суреттерді тамашалайды. (Коммуникативтілік) Қ/О: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Тез жедел ойлай біліп, нақты әрекет жасайды. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын біледі, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.

			түсті қарындаштарды пайдаланып, дайын үлгідегі суреттерді бояйды. (Сурет салу)	біледі. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Таңертенгі жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . 1. Б.қ. – қолды санға қойып, аяқты еденге тіреп, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру. 1 – басты оң иыққа ию; 2 – б.қ; 3 – басты сол иыққа ию; 4 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет орындау). 2. Б.қ. – қолды төмен түсіріп, аяқты бүгіп, допты үстінде шалдайып жату. 1- қолды жоғары көтеру; 2 – алақанға қарап, саусақтарын қимылдату. 3 – б.қ.-қа келу. (4 рет орындау). 3. Б.қ. – доптың үстіне отыру, қолды төмен түсірулі. 1 – оң иықты көтеріп, сол қолды доптың үстімен төмен сырғанатып түсіру; 2 – б.қ.-қа келу 1- сол иықты көтеріп, оң қолды доптың үстімен төмен сырғанатып түсіру; 2 – б.қ.-қа келу. Б.қ. – қолды белге, аяқты еденге қойып, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру. 1 – денені оң жаққа ию; 2 – б.қ.; 3 – денені сол жаққа ию. 1 – аяқты түзу көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет). 4.Б.қ. – еденге табан және алақанмен тіреліп, доптың үстінде ішпен жату. 1 – аяқты түзу көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану Дос бол сабын суменен , жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Күз мезгілі туралы тіл ұстарту жаттығуларын айту. Үз-үз-үз Жаңбырлы Күз Рақ-рақ-рақ Сарғайды жапырақ	Жаңылтпаш айту Мақсаты: Балалардың тілін ұстартып, сөздерді жаңылмай шапшаң айтуға үйрету. Омартаға балалар	Д/О: «Бір сөзбен ата» Мақсаты: Мақсаты: Заттарды атап топтастыра білуге үйрету, тілдік қорларын дамыту. Шарты : Өрік,	Санамақ айту Мақсаты: Сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды	Д/О: «Не артық?» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. (Сөйлеуді дамыту,

	Ел, ел, ел Соғады жел Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі**)	барар, Балаларды аралар талар. (қазақ тілі**)	кәді, алма, ананас – бір сөзбен жемістер деп атаймыз. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	үйрету. (Математика негіздер, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі	Музыка 9.45-10.05	Дене шынықтыру 10.25-10.45 (залда)	Қазақ тілі 9.10-9.30 Дене шынықтыру 9.40-10.00 (залда)	Дене шынықтыру 10.20-10.40 (таза ауада)	Музыка 9.30-9.50
	танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Шеңберге түсір» Мақсаты: допты шеңберге дәлдеп түсіруге тырысады және спорттық ойындардың ережелерін сақтайды. (Дене шынықтыру**)	(Командамен жұмыс) (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Белгісіз бейне» Мақсаты: жасырылған бейнелерді, іс-әрекет арқылы табады (Дене шынықтыру**)	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» мақсаты: қап ішіндегі заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша сипап сезу арқылы таба алады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)	Дидактикалық ойын: «Көліктер» Мақсаты: суретте берілген көліктерді атап, оларды сипаттайды (Қоршаған ортамен танысу)	жасай біледі. Үстел үсті ойыны: (Бауырсақ ертегісін саусақ театры арқылы сахналау) Мақсаты: бір-бірімен бауырсақ ертегісін айта отырып тілдерін дамытады. Ертегі кейіпкерлерін басқа қырынан көрсетуге тырысады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	Томирис, Оралмен Тіл ұстарту жаттығуын жасату арқылы қ,р,ғ дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру.	Адия, Толқынмен мнемо кесте бойынша жыл мезгілдерін дұрыс айтуға үйрету.	Әділ, Анисамен «Айырмашылығын тап» ойынын ойнату Мақсаты: балаларға екі суреттің айырмашылығын таба білуге үйрету..	Нұрасыл, мұслимамен «Үй жануарларын орналастыр» ойынын ойнату Мақсаты: берілген суреттерден үй жануарларын тауып, олардың атауларын дұрыс атай білуге дағдыландыру.	Сара, Зейнеппен саусақ жаттығуларын жасату Мақсаты: Саусақ жаттығуарқылы тілдерін дамытып, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету, серуенге арналған құралдарды дайындау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Санамақ Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш.	Қимылды ойын: «Сақина тастамақ» Мақсаты: ойын шартын дұрыс	Саусақ жаттығуы. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес	Дидактикалық ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: жануарлар	Қимылды ойын: «Жануарлардың қимылын сал» Мақсаты:

	Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. Қимылды ойын: «Жануарлардың қимылын сал» Мақсаты: жануарлардың қимылын салау арқылы тапсырманы шапшаң және баяу қарқынмен қызығып орындайды. (Дене шынықтыру**)	қолдана білуге, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге баулу. (Дене шынықтыру**) Дидактикалық ойын: «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты:қасиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата біледі. Табиғат құбылыстарын атайды. (Қоршаған ортамен танысу)	саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (Математика негіздері, музыка****)	әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілін ата» Мақсаты; жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атап, сұрақтарға жауап береді.. (Қоршаған ортамен танысу)	жануарлардың қимылын салау арқылы тапсырманы шапшаң және баяу қарқынмен қызығып орындайды. (Дене шынықтыру**)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анасына баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме.	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме.	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме.

Бекітемін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Гаухар» балабақшасы

Топ: «Ақ көгершін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 19.12-23.12 желтоқсан айы, 2022 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 19.12.2022ж	Сейсенбі 20.12.2022ж	Сәрсенбі 21.12.2022ж	Бейсенбі 22.12.2022ж	Жұма 23.12.2022ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі көңіл күймен алақан соғу арқылы қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы, баланың қалай бейімделіп, не үйреніп жатқаны туралы әңгіме. Баланың тілдік дамуы жайлы және баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекетте р)	Мозайкамен жұмыс: Тақырыбы: «Үйдің бейнесін орналастыр» Мақсаты: өз бетінше ойдан құрастырады, заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандайды. (Құрастыру) Отан туралы мақал мәтелдер жаттау. Отан оттан да ыстық. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл. Мақсаты: өзінің туған жерін біледі, атайды	Табиғат бұрышындағы еңбек. тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі. Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылық танытады. (Қоршаған ортамен танысу))	Тақпақ жаттау. Ақ шанамамыз зырлайды, Ақ қар оны шыңдайды. Біреу шаңғы тебеді, Құйындатып келеді. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар атысып ойнасақ, Су болады қолғаптар. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Дидактикалық	Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?» (карточкамен ойын) Мақсаты: ойынды ойнату арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. (Математика негіздері)	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (Дене шынықтыру**) «Менің достарым» (әңгіме) Мақсаты: ұжымдық әңгімеге қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді. достарына құрмет көрсетеді. (Сөйлеуді дамыту,

	және құрметтейді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		ойын:«Ретімен орналастыр» Мақсаты:5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды және орналастырады. (Математика негіздері)		көркем әдебиет)
Таңертенгіжаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Апта күндері, туралы санамақтар айту. «Бір апта» Дүйсенбіде доп ойнадық бақшада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде үйде болып дем алдық, Осылайша өте шықты бір апта. (Математика	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай гүл?» Мақсаты: бөлме өсімдіктерін атауларымен атайды және күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі, (Қоршаған ортамен танысу)	«Менің қалам» (әңгімелесу) Мақсаты: өзінің туған жерін біледі және атайды.өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Кім болам?» Мақсаты: кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын біледі.Адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)	Дидактикалық ойын:«Дауысынан таны» Мақсаты: Тындау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. (Қоршаған ортамен танысу, музыка****)

	негіздері, музыка****)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Музыка -ҮІӨ (Маманның жоспары бойынша) Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) «Ақ қоян» (ермексаздан ақ қоянды мүсіндеу) Мақсаты:мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды. Ермексазды қолданып қоянның бейнесін мүсіндейді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. (Мүсіндеу)	Дене шынықтыру - ҮІӨ (нұсқаушысының жоспары бойынша) Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Мақсаты:заттардың жалпы атауын атайды.Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды Дидактикалық ойын: «Кім зейінді?» Мақсаты: қағаз парағын түрлендіреді, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады (Құрастыру)	Дене шынықтыру - ҮІӨ (нұсқаушысының жоспары бойынша) Дидактикалық ойын: «Ұзын және қысқа» Мақсаты:екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырадыжәне атап айтады. (математика негіздері) «Жаңылтпаштар» айту. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатқа тақпақ Жатта тақ-тақ Мақсаты: балалар жаңылтпаштарды мәнерлеп, жатқа айтады. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту,	Дене шынықтыру - ҮІӨ (нұсқаушысының жоспары бойынша) «Кім білгіш?» (сұрақ-жауап) Мақсаты: сұрақтарға жауап береді,өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата алады. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ жаттау Жасыл шырша орманнан, Бізге арнайы келіпті. Ойыншығын балалар, Шыршаға әсем іліпті. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жапсыру	Музыка -ҮІӨ (маманның жоспары бойынша) «Мақалды жалғастыр» Мақсаты: мақалдарды жалғастырып айтқандасөз тіркестерін дұрыс, анық айтады (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Сергіту жаттығуы: Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы, Желмен бірге ырғалған. Тепе-теңдік жолменен, Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт, Келе жатқан жете алмай, Мынау бздің мекен-жай! (Музыка****, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

			көркем әдебиет)	«Шырша» Мақсаты:қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады. Қысқа және ұзын жолақтарды кию арқылы шыраны қағаз бетіне жапсырады. (Жапсыру)	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Аула тазалаушының еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бағалайды. Еңбек «Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу» Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, еңбексүйгіштікке дағдыланады.Еңбек етуге қызығушылық танытады. (Қоршаған ортамен танысу) Қимылдық ойын: «Жел» Мақсаты: шапшаң,епті болуға талпынады. (Дене шынықтыру**)	Желді бақылау Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйренеді.Өлі табиғат туралы білімдерін қалыптасқан. Еңбек: «Алаңды қардан тазалау» Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана біледі. (Қоршаған ортамен танысу) Қимылдық ойын: «Ізбе із» Мақсаты: тепе-теңдікті сақтайды. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысады. Ептілікке дағдыланады. (Дене	Қарғаларды бақылау Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. қарғалардың тіршілігімен танысады. құстарға қамқорлық жасайды. Еңбек: «Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу» Мақсаты:бірлесе еңбек етуге дағдыланады. (Қоршаған ортамен танысу) Қимылдық ойын: «Пингвиндер доп	Бақылау «Қардағы құс іздері» Мақсаты:қыстап қалатын құстардың қысқа бейімделуін біледі. Еңбек: «Қардан қала тұрғызуға қар жинау» Мақсаты: Ұжыммен жұмыс жасайды, Жұмысты жоспарлай біледі. (Қоршаған ортамен танысу) Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты:тез жылдам ойлай біліп, нақты әрекет жасауға, іштей жинақы болуға қалыптастырады. (Дене шынықтыру**)	Боранды күнді бақылау Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы біледі. Еңбек «Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю» Мақсаты:бірлесе еңбек етеді, ағаштарға қамқорлық жасауға дағдыланады. (Қоршаған ортамен танысу) Қимылдық ойын: «Желдиірмен» Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды. (Дене шынықтыру**)

		шынықтыру**)	ойнап жүр» Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. (Дене шынықтыру**)		
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
	Санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, музыка****)	Тіл ұстарту жаттығуы (жануарлар туралы) Ие – ие – ие, Маң – маң басқан түйе. Та- та – та, Жібек жүнді бота. Иыр – иыр – иыр, Сүт береді сиыр. Зау – зау – зау, Мөңірейді бұзау.	«Отбасым» тақпақ жаттау Отбасым менің — бақытым Отбасым менің — шаттығым Отбасым барда ешқашан Үзілмес менің үмітім. (Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Мақалдар жаттау Отбасының өнегесі - Отан өнегесі. Отбасының сәні - сыйластық, Достың сәні - қимастық (Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Тіл ұстарту жаттығуы (жануарлар туралы) Қы – қы – қы, Кісінейді жылқы. Шақ – шақ – шақ, Құлдырайды құлыншақ. Ой – ой – ой, Қорада тұр қой. Зы – зы – зы, Моп – момақан қозы. (Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка****)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары.	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз				

	балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесінас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті театры «Менің отбасым» Мақсаты: жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, олардың образын өздігінен сомдайды. (Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) «Үй жануарлары мен жабайы аңдарды ажырат» Мақсаты: үй және жабайы жануарларының ерекшеліктерін атайды және сипаттайды. (Қоршаған ортамен танысу) Құрылыс ойындары: «Балабақшадағы достарымызға үй құрастырамыз» Мақсаты: ұжыммен бірлесе отырып, тату ойнайды. (Құрастыру)	Сюжетті-рөлдік ойын: «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: сахналық қойылымдарға қатысады. кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды. Рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Ойын жаттығу: «Сиқырлы саусақтар» Мақсаты: өленді жатқа айтады, әнге сай қимыл жасайды. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, музыка****)	Сюжетті-рөлдік ойын: «Жүргізуші» Мақсаты: жолда жүру ережелерін біледі, көлік түрлері мен жол түрлерін атайды. (Қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын: «Бағдаршам» Мақсаты: бағдаршамның қызметін біледі. Қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін біледі, сақтық танытады. (Дене шынықтыру**)	Драматизациялық ойын: «Шалқан» Мақсаты: ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды, дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Дидактикалық Ойын: «Сен де сонша көрсет» Мақсаты: Балалардың көрген нәрселерін немесе естіген дыбыстарын санап, есте сақтап, оған басқа нәрселерді сәйкестендіруге үйрету. (Математика негіздері)	Қимылды Ойын: "Сақина тастамақ" Мақсаты: ййын шартын дұрыс қолдана біледі. (Дене шынықтыру**) Үстел үсті ойыны. «Қалаларды құрастыр» (қима қағаздардан) Мақсаты: балалар қалалардың суреттерін құрастып, атуларын атайды. (Құрастыру) Дидактикалық Ойын: «Қай қолымда көп» Мақсаты: заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету. Көз мөлшерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Балалармен жеке жұмыс	Ермекбаев Аламгир Жеңісқызы Жанна тақпақ жаттату арқылы тілдерін, сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Сармурзина Айзере Марат Айжұлдыз Әңгіме құрастыру «Менің отбасым» Мақсаты: балалардың сөздік қорына жақсы сөздермен байыту. Жақын туыстарын, олардың есімдерін атай білуге дағдыландыру.	Нуралина Айару Талмағамбетова Ақеркем жаңылтпаштар жаттау арқылы тілдерін дамытып, сөздік қорларын байыту.	Жомарт Нұрдана Саматов Рустам Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Жыл мезгілдерін және олардың ерекшеліктерін атауға үйрету.	Болат Сұлтан Гарифулла Ибрахим «Қай қолымда көп» ойынын ойнату Мақсаты: заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету. Көз мөлшерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету, серуенге арналған құралдарды дайындау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	«Қыс» тақпақ жаттау Қар келді жеріме, Төрлет қысым еліме. Қыс өте тамаша, Ойнайды балалар күніне. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын: «Жануарлардың қимылын сал» Мақсаты: тапсырманы шапшаң және баяу қарқынмен қызығып орындайды. (Дене шынықтыру**)	Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: жүру, жүгіру қимылдарын орындайды. Белгі бойынша қозғалыстар жасайды. (Дене шынықтыру**) Дидактикалық ойын: «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата біледі. Табиғат	Қимылды ойын: «Шар жарылды» Мақсаты: Ауыз бұлшықеттеріне жаттығу жасау Саусақ жаттығуы. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Орган терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (Математика	Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: ойынды ойнау барысында жылдамдық, икемділік, ептілік көрсетеді. (Дене шынықтыру**) Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілін ата» Мақсаты: жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атап, сұрақтарға жауап береді.. (Қоршаған ортамен танысу)	Қимылды ойын: «Бір, екі, үш-жүкір!» Мақсаты: тез жүгіруге жаттық тыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. (Дене шынықтыру**)

		құбылыстарын атайды. (Қоршаған ортамен танысу)	негіздері, музыка****)		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анасына баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме.	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме.	Алда болатын іс- шараларға қатысты әңгіме.

Бекітемін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Гаухар» балабақшасы

Топ: «Ақ көгершін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.12-30.12 желтоқсан айы, 2022 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы, мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Ата-аналарға тақпақтарды қайталатып айтқызуды тапсыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Д/О: «Біз ойнайтын алаң» Мақсаты: Балалар ұжымдасып конструкторларда нойын алаңдарын құрастырады.	Д/О: «Ойыншықтарды ата» Мақсаты: Балалар ойыншықтарды атайды. (Сыни ойлау) Саусақ ойыны «Менің досым» Мақсаты: өлеңді жатқа	Д/О: «Түстеріне қарай топтастыр» Мақсаты: балалар суреттерді мұқият қарап, түстеріне қарай топтастырады.	(Сыни ойлау) Саусақ ойыны «Менің досым» Мақсаты: өлеңді жатқа айту арқылы, тілдерін жаттықтырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі**)	«Күзгі ағаштар» (сурет қарастыру) Мақсаты: Балалар күз мезгіліндегі бақ бейнеленген суреттерді тамашалайды. (Коммуникативтілік)

тағы басқа әрекеттер)	Сыни ойлау) «Ұшақтар құрастырамыз» Мақсаты: Балалар конструкторлардан ұшақ құрастырады. (Құрастыру)	айту арқылы, тілдерін жаттықтырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі**)	(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Еркін ойын: «Мен бояй білемін» Мақсаты: Балалар түрлі-	(Құрастыру Командамен жұмыс) Д/О: Қай ойыншық жоқ?» Мақсаты: Балалар үстел үстіндегі ойыншықтар арасынан жасырылған ойыншықты таба	Қ/О:«Ұшты-ұшты» Мақсаты: Тез жедел ойлай біліп, нақты әрекет жасайды.Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын біледі, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.
-----------------------	---	---	---	--	---

			түсті қарындаштарды пайдаланып, дайын үлгідегі суреттерді бояйды. (Сурет салу)	біледі. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Таңертенгі жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . 4. Б.қ. – қолды санға қойып, аяқты еденге тіреп, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру. 1 – басты оң иыққа ию; 2 – б.қ; 3 – басты сол иыққа ию; 4 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет орындау). 5. Б.қ. – қолды төмен түсіріп, аяқты бүгіп, допты үстінде шалдайып жату. 1- қолды жоғары көтеру; 2 – алақанға қарап, саусақтарын қимылдату. 3 – б.қ.-қа келу. (4 рет орындау). 6. Б.қ. – доптың үстіне отыру, қолды төмен түсірулі. 1 – оң иықты көтеріп, сол қолды доптың үстімен төмен сырғанатып түсіру; 2 – б.қ.-қа келу 1- сол иықты көтеріп, оң қолды доптың үстімен төмен сырғанатып түсіру; 2 – б.қ.-қа келу. Б.қ. – қолды белге, аяқты еденге қойып, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру. 1 – денені оң жаққа ию; 2 – б.қ.; 3 – денені сол жаққа ию. 1 – аяқты түзу көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет). 4.Б.қ. – еденге табан және алақанмен тіреліп, доптың үстінде ішпен жату. 1 – аяқты түзу көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану Дос бол сабын суменен , жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Күз мезгілі туралы тіл ұстарту жаттығуларын айту. Үз-үз-үз Жаңбырлы Күз Рақ-рақ-рақ Сарғайды жапырақ	Жаңылтпаш айту Мақсаты: Балалардың тілін ұстартып, сөздерді жаңылмай шапшаң айтуға үйрету. Омартаға балалар	Д/О: «Бір сөзбен ата» Мақсаты: Мақсаты: Заттарды атап топтастыра білуге үйрету, тілдік қорларын дамыту. Шарты : Өрік,	Санамақ айту Мақсаты: Сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды	Д/О: «Не артық?» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. (Сөйлеуді дамыту,

	Ел, ел, ел Соғады жел Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі**)	барар, Балаларды аралар талар. (қазақ тілі**)	кәді, алма, ананас – бір сөзбен жемістер деп атаймыз. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	үйрету. (Математика негіздер, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі	Музыка 9.45-10.05	Дене шынықтыру 10.25-10.45 (залда)	Қазақ тілі 9.10-9.30 Дене шынықтыру 9.40-10.00 (залда)	Дене шынықтыру 10.20-10.40 (таза ауада)	Музыка 9.30-9.50
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Музыка-ҰІӨ (музыка жетекшісінің жоспары бойынша) Суретпен жұмыс. «Табиғатта не өзгерді?» Мақсаты: Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге; себеп салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Л/О: «Күзгі орманға	Денешынықтыру -ҰІӨ (денешынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) Ермексазбен жұмыс. «Бақбақ» Мақсаты: Өртүрлі тәсілдерді қолданып, ермексаздан бақбақ гүлін мүсіндей білу дағдысын жетілдіру. (Мүсіндеу) «Қияр мен капуста» ертегісі Мақсаты: Таныс сюжеттер	Қазақ тілі Д/О: « Заттарды бір сөзбен ата». Мақсаты: Заттарды атап топтастыра білуге үйрету, тілдік қорларын дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Денешынықтыру-ҰІӨ (денешынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) Суретпен жұмыс. «Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдерді, табиғат құбылыстары туралы,	Денешынықтыру-ҰІӨ (денешынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) Д/О: «Жүреді, ұшады, жүзеді» Мақсаты: Көліктер және олардың қолданысқа сай болуы туралы балалардың түсінігін жалпылау. (Қоршаған ортамен танысу Музыка****) Әңгіме «Еріншек егінші мен еңбекқор құмырскалар» Ө.Тұрманжанов Мақсаты: Балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру;	Музыка -ҰІӨ (музыка жетекшісінің жоспары бойынша) «Күзгі дала» өлеңін жаттау. М.Әлімбаев. Мақсаты: Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйретуді жалғастыру. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту,) Д/О: «Сыңарын тап» Мақсаты: Суреттерде берілген әр түрлі заттардың атауын атап,

	саяхат» Мақсаты: Өздігінен дербес әрекет етуге баулу, есте сақтау арқылы санауғыштардан түрлі бейне жасай білуге дағдыландыру. Саусақ қол бұлшықеттерін, қиялын дамыту. (Құрастыру, математика негідері).	бойынша ертегілерді драмалауға, барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі** Музыка****) Пазлы құрастыру. Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтауын және бөлшектерді жинақтау дағдысын қалыптастыру. (Құрастыру). Сыни ойлау.	әртүрлі ауа райы жағдайындағы қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) С/Ю: «Шаштараз» Мақсаты: Әсемдікке, әдемілікке баулу.Рөлдерге бөлініп өз еріктері бойынша ойнай білуге дағдыландыру.	Бағыт-бағдар бере отырып, ойлантуға, өздігінен қорытынды шығаруға машықтандыру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту,) Қиылған суреттерден күз бейнесін құрастыру. Мақсаты: қиылған суреттерден күз бейнесін жасай білуге дағдыландыру. (Құрастыру)	сыңарын тауып айтып беруге үйрету. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) Өзінің сырт келбетіне назар аударуға, жарасымды, таза киініп шашын әдемі тарауға дағдыландыру.				
Серуен	Емдік шөптерді бақылау Мақсаты: - Балабақша	Күз көрністерін бақылау Мақсаты: Күз туралы білімдерін	Тастарды бақылау Мақсаты: Тастардың өлі	Жапырақтардың түсуін бақылау Мақсаты: Табиғаттың мезгілге	Гүлзарды бақылау Мақсаты: Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай

	ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Зерттеу жұмысы: Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу. Еңбек: Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, кураған бұталарды жинау Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту. Қ/О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу. (Дене шынықтыру**)	молайту, күз көріністерін бақылауды жалғастыру. (Қоршаған ортамен танысу) Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. Қ/О: «Ормандағы соқпақтар». Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. (Дене шынықтыру**)	табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. (Қоршаған ортамен танысу) Еңбек Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; Шығармашылық қиялын дамыту. Қ/О :«Ұшты-ұшты». Мақсаты: Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;	байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. (Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Еңбек Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. Қ/О: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу. (Дене шынықтыру** Музыка****)	өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр). (Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Еңбек Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету. Қ/О: «Құстар қалай ұшады?». Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру. (Дене шынықтыру**)
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	« Киімді әдемі жинай білемін»	« Досыңа көмектес»	« Бауымды байлай аламын»	«Менің шкафым»	«Мен ақылды баламын».
	Мақсаты: Балаларды	Мақсаты: Бір-біріне жанашырлық	Мақсаты: Бәтәңкесінің бауын байлай білуге үйретуді	Мақсаты: Шкафтарының ішін таза ұстауға үйрету.	Мақсаты: Балаларды тазалыққа шақыру.

	ұқыптылыққа тәрбиелеу.	танытып, көмектесе білуге тәрбиелеу.	жалғастыру.		
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды – аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөздерді қолдану). Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тындау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	«Бөбегім» Ән тындау.	М.Беспаевтың әні «Бесік жыры»	«Сүйкімді Ботагөз» Әңгіме	«Шынайы дос» Әңгіме	М.Әуелбекова әні «Балапаным»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық!	Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп, аяқты кезекпен сермеу.	Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру.	Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту) Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа».				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	Үстел үсті театры. «Менің отбасым», Мақсаты: отбасы жайлы түсініктерін молайту. «Үй жануарлары мен жабайы аңдар»	С/Ю: «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: балаларды рөлге бөлініп, сюжет қоя білуге үйрету. Қ/О: «Орамал тастау»	С/О: «Сән ательесі» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, тілдерін дамыту, достық қарым-	Драматизациялық ойын: «Түлкі мен тырна» ертегісі Мақсаты: Балаларды ертегідегі берілген жануарлар мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде	Д/О: «Ретімен орналастыр» Мақсаты: мөлшері және көлемі бойынша ретімен орналастырады. (математика негіздері)

	тақырыбы бойынша сюжетті картиналар қарастыру. Мақсаты: үй және жабайы жануарлар туралы білімдерін молайту. Құрылыс ойындары: «Балабақшадағы достарымызға үй құрастырамыз» Мақсаты: Достарымен тату ойнауға тәрбиелеу.	Мақсаты: Байқампаздық, жылдамдық қабілеттерін дамыту. Д/О: «Айырмашылықты тап!» Мақсаты: Заттарды түсіне, пішініне, көлеміне қарай салыстыру білімдерін дамыту	қатынастарын тәрбиелеу. Қ/О: «Ұқсас затты тап» Мақсаты: Геометриялық пішіндерге, денелерге ұқсас заттарды тауып, атын атай білуге үйрету. Баланың түстерді, пішінді ажыратудағы ой-қиялын дамыту.	түлкінің жағымсыз қылықтарын көре білуге үйрету. Қ/О: «Көкөніс пен жемістерді себетке жинау» Мақсаты: көкөніс пен жемістерді бр-бірінен ажыратуға үйрету.	Д/О: «Жолда жүру ережесі» Шарты: Жол белгілерін атай отырып, жолда жүру ережесін сақтайды, көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу) Д/О «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: суреттер бойынша таныс шығармаларды атайды және олар бойынша сұрақтарға жауап береді. Өлеңді жаттайды. Қыс мезгіліндегі құбылыс қардың суретін салады (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	Ермекбаев Аламгир Есенғос Али Д/О: «Үй жануарлары мен жабайы аңдар» Мақсаты: үй және жабайы жануарлар туралы білімдерін молайту.	Жұмағамбет Айсұлтан Марат Айжұлдыз Д/О: «Әдемі ойыншықтар». Заттарды сипаттай білуді жетілдіру. Өңгімені бірізді және нақты айтуын дамыту.	Сармурзина Айзере Жеңісқызы Жанна 5 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту.	Мүсілім Али Абильтәева Айкүнім Д/О: «Заттарды бір сөзбен ата». Мақсаты: Заттарды атап топтастыра білуге үйрету, тілдік қорларын дамыту.	Акказиев Арлан Сансызбай Айдана Суретпен жұмыс. «Табиғатта не өзгерді?» Мақсаты: Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге; себеп салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету.
Серуенге дайындық .	Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау				

(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар? «Біз ақылды баламыз» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу) «Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме) <u>Құмырсқа батыр</u> , Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күллі Құмырсқа үлгі. (өлең оқып беру) «Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)				
Серуен	Ойын алаңдарын тазлау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Қ/О: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: балалар шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйренеді.	Қ/О:«Көңілді доптар» Мақсаты: Доп ойындарының қарапайым элементтерін үйренеді; қолмен домалату, лақтыру, соғу, көздеп торға түсіру, аяқпен домалату.	Қ/О:«Мергендер». Мақсаты: Кегліді көздеп құлата алуға үйрету.	Қ/О:«Бәйге» Мақсаты: Ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Ептілікке, жылдам жүгіруге тәрбиелеу.	Ұлттық ойын:«Ақсерек-көксерек» Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге және шапшаңдыққа үйрету. Батыл, жедел қимыд жасауға жаттықтыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау.				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	Ұқыптылық дағдыларына үйрету. Тамақтану әдебі (әңгімелесу) Өтінішін білдіру, көмегі мен көңіл аударғанына «рақмет», «мархабат» сөздерімен білдіру. Тамақты аузын жауып отырып, асықпай, әбден шайнауға үйрету.				

Балалардың дербес әрекеті	Балалардың әр –түрлі іс-әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылады (ойын,қимыл-қозғалыс,танымдық,шығармашылық-зертеушілік,эксперименттік ,еңбек ,дербес)				
	Суретпен жұмыс. «Тәулік бөлігі» Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. (Математика негіздері, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Л/О: «Дауысынан таны» Мақсаты: Құрдастарының дауыстарын ажырата білуге дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Д/О:«Төлін тап» Мақсаты: Үй жануарлары мен төлдерін ажыратып және атап атай білуді бекіту. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Құрастыру еркін ойындары Мақсаты: Құрастыру дағдыларын және шығармашылық қиял мен логикалық ойлауды дамыу. (Құрастыру)	Суретпен жұмыс. «Менің балабақшам» Мақсаты: Суреттер бойынша әңгіме құрастырып және сұрақтарға жауап бере алуға үйретуді жалғастыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы	Кеңес: «Табиғатты аялайық!» Мақсаты: Балаларды табиғат әлемін сүйе білуге тәрбиелеу. Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Күнделікті күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы». Ата-аналармен жеке әңгімелесу. «Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.				

Бекітемін: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Гаухар» балабақшасы

Топ: «Ақ көгершін» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.01-06.01.2023ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.01.2023	Сейсенбі 03.01.2023	Сәрсенбі 04.01.2023	Бейсенбі 05.01.2023	Жұма 06.01.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары».				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу) Құрылыс ойыны "Зәулім ғимарат". Мақсат: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру)	Үстел үсті ойыны "Лото". Жалғасын тап. Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады. (танымдық дағдылар) Дидактикалық ойын. «Сипаттамасы бойынша тап». Ойынның мақсат: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. (Математика	Үстел үсті ойыны. «Көңілді құрылыс». Мақсаты: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту.

			«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы. Мақсаты: қолдың, саусақтың қимылдарының	негідері, қоршаған ортамен	(құрастыру) "Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсаты: балалардың қуанышты эмоцияларын
--	--	--	--	---------------------------------------	---

			үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. (дене шынықтыру)	танысу) «Үй құрылысының ретін көрсет». Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. (кұрастыру)	ояту. (сурет салу)
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . 7. Б.қ. – қолды санға қойып, аяқты еденге тіреп, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру. 1 – басты оң иыққа ию; 2 – б.қ; 3 – басты сол иыққа ию; 4 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет орындау). 8. Б.қ. – қолды төмен түсіріп, аяқты бүгіп, допты үстінде шалқайып жату. 1- қолды жоғары көтеру; 2 – алақанға қарап, саусақтарын қимылдату. 3 – б.қ.-қа келу. (4 рет орындау). 9. Б.қ. – доптың үстіне отыру, қолды төмен түсірулі. 1 – оң иықты көтеріп, сол қолды доптың үстімен төмен сырғанатып түсіру; 2 – б.қ.-қа келу 1- сол иықты көтеріп, оң қолды доптың үстімен төмен сырғанатып түсіру; 2 – б.қ.-қа келу. Б.қ. – қолды белге, аяқты еденге қойып, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру. 1 – денені оң жаққа ию; 2 – б.қ.; 3 – денені сол жаққа ию. 1 – аяқты түзу көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет). 4.Б.қ. – еденге табан және алақанмен тіреліп, доптың үстінде ішпен жату. 1 – аяқты түзу көтеру; 2 – б.қ.-қа келу. (4-5 рет).				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Ойын – жаттығу Дос бол сабын сумен сен, Жиі жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де. Жуын күндіз түсте де. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Өлең жолдарын бірге қайталу. Балабақша біздерді Балапандай өсіріп Мәпелейді бақшамыз Бұл екінші үйіміз. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Өлең жолдарын бірге қайталу. Қолымызда сылдырмақ Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпылдап Өзі билеп кетеді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,
--	--	--	--	--	--

					музыка****)
Ұйымдастырылған , іс-әрекет кестесі			Қазақ тілі Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет			Дене шынықтыру –ҮІӨ (Маманның жоспарымен) Қазақ тілі Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. Мақсат: Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. (Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсаты: берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі***)	Дене шынықтыру-ҮІӨ (Маманның жоспарымен) Дид\ойын Тақырыбы: «Табиғат қызықтары» Мақсаты: Қыс мезгіліндегі ауа райының жағдайларын бақыла арқылы , табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтап айтуға үйренеді. (Қоршаған ортамен таныстыру,Сөйлеуді дамыту) «Көңілді ойындар» Мақсаты: қысқы ойындардан, аққала жасайық. күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның	Музыка-ҮІӨ (Маманның жоспарымен) Суреттер арқылы «Денсаулық- зор байлық!» Мақсаты: Денсаулыққа пайдалы заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап береді. Есте сақтауын, зейіндерін ашуға тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту) Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі***, көркем әдебиет)

				түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тіл***і)	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен			Қар тазалайтын машинаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік) Бақылау: адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол	Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Дала аппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) Бақылау: ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл –	Бұлт пен тұманды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Жұмбақта. Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын. Қыраттарға шөлдеген. (бұлт) Аспан түйді қабағын, Сұр пердесін керді де, Жапты жердің табанын. (тұман) Бақылау: қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады;

			себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. Қимылды ойын. «Таяқпен сыпыру» (қалмақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін). Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. Еңбек. Түрлі түсті мұз айдынын жасау. (еңбек дағдылары) (жұмыс орнын жинау, столды сүртіп, жинау,	қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау. Қимылды ойын. «Мұзды аулаға кіргіз». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. Еңбек. Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар: ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта	ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру. Қимылды ойын. «Бірінші болу». (дене шынықтыру) Бір-бірін қуалау арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға, итеруге, дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу. Еңбек: ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина). (еңбек дағдылары) Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту. Өз бетімен ойындар: ойынға керекті құралдармен жабдыктандыру үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануға үйрету.
--	--	--	---	---	---

			ретке келтіру және т.б.). Өз бетімен ойындар: таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету.	білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	«Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру)				

Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)			Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. (сөйлеуді дамыту) Дид \ойын Тақырыбы:«Төртбұрышты нелер болады?» (заттық сурет салу) Мақсаты:Төртбұрышты ы пішіндегі заттарды бейнелейді, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіре алады.Бояуды, қылқаламды , пайдалана алады.(Сөйлеуді дамыту,Математика)	Дидактикалық ойын: "Біреу және көп" Мақсат:. Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. Ойын шарты. Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді. (математика негіздері) Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат:. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-	«Ұшады, ұшпайды, өседі, өспейді» театрландырылған ойын. Мақсат: балалардың танымдық қабілетін дамыту. педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қаққандай қимылдарды жасайды; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. (дене шынықтыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұй құрылысы". Мақсат: Балалардың ұй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар,

